

МАХАТМА ГАНДИ

2.10.1869 — 30.01.1948



Мохандас Карамчанд Ганди 1869 жылы 2 қазанда Батыс Үндістан князьдығындағы Порбандар деген кішігірім ауылда дүниеге келді.

Мохандас өз отбасында ең кенже ұл болып өсті. Ол өзінің балалық шағы туралы былай еске алады: «Мен өте тұйық болып өстім, сондықтан да, үнемі өзге балалардан тысқары немесе алшақтау жүретінмін, менің жалғыз достарым бұл – кітаптар мен сабақтар болды, мен мектептен кітаптарымды оқуға асығып үйге қашып кететінмін, ешкіммен сөйлесуді ұнатпайтынмын, сондай-ақ, мен қорқақ болдым, мен ұрышардан, елестер мен жыландардан қатты қорқатынмын, қараңғылық мені үрей мен қорқынышқа жетелейтін, мен кейде, марапаттар мен



Мохандастың жастық шағындағы ең айтулы оқиғалардың бірі, ата-анасы оны ежелгі үнді дәстүрі бойынша он үш жасында өзімен тетелес қыз-Кастурбайға үйлендірді. Балалар бірін-бірі сүйіп қосылды, сондықтан да Кастурбай өмірінің соңына дейін Гандидің сенімді серігі, көмекші жары





1888 жылы Ганди отбасының достары және ата-анасының кеңесі бойынша Англияға барып, адвокаттық кәсібіне байланысты білім алып келуге шешім қабылдады. Бұл шешім оның кастасындағы ақсақалдар мен үлкендердің қарсылығын туғызды. Үндістан діни үнді жерін тастап кетуге тиым салды, ақсақалдардың ойы бойынша Европада діни қағидаларды бұзбай өмір сүру мен тұру мүмкін емес болатын. Ганди олардың талаптарына бағынудан бас тартты. Осы үшін ол өз кастасынан ажырап, олардың көмегінен, қолдауынан айрылуына тура келді. Англияда ол өзін өте бөтен есебінде сезінді, айналасындағылардың бәрі оған бейтаныс болды. Бірақ, оның европалық мәдениетпен қарым-қатынасы оның білім кеңістігімен түсінігін одан әрі кеңейте түсті. Ол буддизммен танысып, жаңа өсиет (Новый Завет) кітабын оқып таң-тамаша болды. Ганди индуизм ілімін Будда және Христос жолымен ұштастырып біріктіруді армандады.


1891 жылы жоғарғы адвокат атағын алып, Ганди Үндістанға қайтып оралды. алайда, ата-анасының оған артқан үміті, оның жоғарғы білімі мен атақ-даңқы көп пайда әкеледі деген сенімдері ақталмады. Гандидің адалдығы мен жауапкершілігі оның саяси карьерасының өсуіне кедергі жасады.



Ганди адамдар үшін тындырымды тірліктер атқарғанына қарамастан сол қызметтері оны қанағаттандырып қоймады. Ол әр күні екі сағат ауруханада бауырластық, мейірбандықпен ауру-науқастарға жәрдемдесті. Оба эпидемиясы кең тараған тұста ол көптеген еріктілер мен жақтастар жана өзімен борге ауруханада науқастарға жәрдемдесуге алып барды. Осы жылдары Ганди әлемдік дін мен философияны жаңаша сипатта оқи отырып, өзіне Лев Толстойды табады. «Толстой бейнесіндегі Ресей маған өзімнің күш қолданбай қарсыласу бағытыма нұсқау берген ұстазды берді» деп жазды кейін Ганди.




Үнді-мұсылман мәселесі Махатма Гандидің назарын Оңтүстік Африкадан Үндістанға оралған кезінде аударды. Ол сол кездің өзінде-ақ, келешек «мұсылман ұлттарының әкесі» болған М.А.Джинмен алғашқы келіссөздерін жүргізді.



1947 жылы 15 тамызда Индиядан ресми түрде Пәкістан бөлініп, екі мемлекет те өз тәуелсіздіктерін жариялаған тұста, Ганди үнділер, мұсылмандар және сикхтар арасындағы қақтығыстарды тоқтату мақсатында талай мәрте аштық жариялады.



1948 жылы 12 қаңтарда 78 жасқа келген Ганди өзінің бес күнге созылған аштық науқанын бастады. Күн сайын Ганди Нью-Дели қаласындағы Бирла Хаус дуалының жанындағы бақшада ұжымдармен бірге құлшылық ету рәсіміне қатысатын. 1948 жылы 30 қаңтарда құлшылық етіп отырған Ганди үнді фанатигінің қолынан мерт болды.



«Бұл әлемде қан мен сүйектен жаратылған Махатма Ганди сияқты ұлы адамның өмір сүргеніне келешек ұрпақ сенбейтін шығар»!
Альберт Эйнштейн

